



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ

# ЖАРЛЫҒЫ

## УКАЗ

ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2024 жылғы есепті бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 64-бабының 3-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2024 жылғы есеп бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2024 жылғы есепті Қазақстан Республикасының Парламентіне ақпарат ретінде ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2024 жылғы есепті және аудит жүргізу нәтижелерін жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ.Тоқаев



Астана, Ақорда, 2025 жылғы 11 шілде

№ 943

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2025 жылғы 11 шілдедегі  
№ 943 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының  
қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы 2024 жылғы  
ЕСЕП

Астана, 2025 жыл

**Мазмұны:**

1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы 2024 жылғы есеп.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2024 жылғы есеп.

3-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі 2024 жылғы өзге де деректер.

**1-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері және оның пайдаланылуы туралы 2024 жылғы есеп**

Р/с №	Есеп баптарының атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3
1.	Есепті кезеңнің басындағы Ұлттық қордың (бұдан әрі – Ұлттық қор) қаражаты, барлығы:	29 854 109 972
2.	Түсімдер, барлығы:	3 839 890 920
	оның ішінде:	
2.1.	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын салықтарды қоспағанда), оның ішінде:	3 808 971 479
	корпоративтік табыс салығы;	1 265 821 683
	мұнай секторы ұйымдарынан шикі мұнайға, газ конденсатына акциздер;	
	үстеме пайда салығы;	37 567 258
	бонустар;	428 589
	пайдалы қазбаларды өндіру салығы;	680 875 303
	экспортқа рента салығы;	442 123 283
	Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі;	1 202 176 439
	өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін жер қойнауын пайдалануға балама салық;	179 978 924
	2.2. мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын түсімдерді қоспағанда), оның ішінде:	17 400 239
	орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;	14 211 473
	республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;	1 154 107

1	2	3
	зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша табиғат пайдаланушылардан мұнай секторы ұйымдары алған қаражат;	593 864
	мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;	1 440 795
2.3.	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;	62 925
2.4.	республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;	1 408 836
2.5.	ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер;	47 441
2.6.	екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтерді сатуынан түсетін түсімдер;	12 000 000
2.7.	2024 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер;	
2.8.	республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансфертті қайтару;	
2.9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер	
3.	Пайдалану, барлығы:	5 947 961 154
3.1.	кепілдік берілген трансферт;	2 000 000 000
3.2.	нысаналы трансферттер;	3 600 000 000
3.3.	Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу;	21 456 588
3.4.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нысаналы талаптарды төлеуге және нысаналы жинақтарды аударуға және төлеуге байланысты көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстар	326 504 566*
4.	Инвестициялық кіріс, барлығы:	7 070 737 196
4.1.	басқару нәтижелері бойынша теңгемен есептелген пайда/залал;	2 406 901 537

1	2	3
4.2.	қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма	4 663 835 659
5.	Ұлттық қордың есепке жазылған және төленбеген шығыстары сомасының өзгеруі	-16 497 434**
6.	Мерзімінен бұрын өтеуді ескергенде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарының бастапқы тану кезіндегі әділ (нарықтық) құны мен нақты құны арасындағы айырма	-70 172 615
7.	Айырма мен дөңгелектеу, оның ішінде өткен жылдардағы қаржылық есептілікте көрсетілгендер	-1
8.	Ұлттық қордың есепті кезең соңындағы қаражаты, барлығы:	34 730 106 884

Ескертпе:

\* 2024 жылғы АҚШ долларының орташа бағамы бойынша Ұлттық қордан нысаналы талаптар (міндеттемелер) 695 519 мың АҚШ доллары мөлшерінде есепке жазылған.

\*\* 2024 жылы Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін есепке жазылған және төленбеген шығыстардың теңгедегі сомасының өзгеруі 16 497 434 мың теңгені құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек сомасы өсу қорытындысымен 43 688 519 мың теңгені құрады. Бұл ретте 2023 жылғы 31 желтоқсанда бұл сома өсу қорытындысымен тиісінше 27 191 085 мың теңгені құраған.

2024 жылғы 1 қаңтарда Ұлттық қордың қаражаты 29 854 109 972 мың теңгені құрады.

2024 жылы Ұлттық қорға түскен түсімдердің жалпы сомасы 3 839 890 920 мың теңгені құрады, оның ішінде мұнай секторы ұйымдарынан түскен тікелей салықтардың түсімдері есебінен – 3 808 971 479 мың теңге, мұнда 2 808 381 295 мың теңгесі (6 115 498 мың АҚШ долларына балама) күнбе-күн дәйекті айырбастау/қайта айырбастау операциясын жүргізу жолымен Ұлттық қордың теңгедегі тиісті шотына есепке жатқызылған шетел валютасындағы түсімдер болып табылады; мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер – 17 400 239 мың теңге, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер – 62 925 мың теңге; республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер – 1 408 836 мың теңге және ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша олармен

үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер – 47 441 мың теңге.

2024 жылы екінші деңгейдегі банктердің активтерін сатудан Ұлттық қорға «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамынан 12 000 000 мың теңге сомасына түсімдер жүргізілді.

**2024 жылы Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдердің құрылымы мынадай көрсеткіштермен сипатталады:**

Салықтық/салықтық емес түсімдердің түрі	Сомасы (мың теңге)	Жалпы көлемдегі үлесі (%)
1	2	3
Мұнай секторының ұйымдарынан – заңды тұлғалардан түскен корпоративтік табыс салығы	1 265 821 683	33,08
Үстеме пайда салығы	37 567 258	0,98
Бонустар	428 589	0,01
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	680 875 303	17,79
Экспортқа рента салығы	442 123 283	11,56
Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі	1 202 176 439	31,42
Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін жер қойнауын пайдалануға балама салық	179 978 924	4,70
Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	14 211 473	0,37
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 154 107	0,03
Зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша табиғат пайдаланушылардан мұнай секторы ұйымдары алған қаражат	593 864	0,02

1	2	3
Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	1 440 795	0,04
Барлығы:	3 826 371 718	100

Мұнай секторы ұйымдарынан Ұлттық қорға түсетін түсімдердің жалпы сомасының негізгі бөлігі заңды тұлғалардан түсетін корпоративтік табыс салығына (33,08 %) және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесіне (31,42 %) тиесілі. Ұлттық қорға түсетін түсімдерде пайдалы қазбаларды өндіру салығы 17,79 %-ды, экспортқа салынатын рента салығы 11,56 %-ды, өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторы ұйымдарынан жер қойнауын пайдалануға балама салық 4,70 %-ды құрайды.

2024 жылы Ұлттық қорға мұнай секторы ұйымдарынан түскен түсімдер (3 826 371 718 мың теңге) 2023 жылмен (4 565 881 733 мың теңге) салыстырғанда 739 510 015 мың теңге сомасына немесе 16 %-ға азайды.

Мұнайға әлемдік баға аздап төмендеген кезде түсімдер азақының негізгі себебі мұнай өндіру көлемінің 2,3 миллион тоннаға (2024 жылы – 87,7 миллион тонна, 2023 жылы – 90 миллион тонна) және мұнай экспортының көлемі 1,3 миллион тоннаға (2024 жылы – 68,5 миллион тонна, 2023 жылы – 70,5 миллион тонна) құлдырауы болып табылады.

Мұнай секторы ұйымдарының 2024 жылға арналған тізбесі «Мұнай секторы ұйымдарының 2024 жылға арналған тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 1295 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 449 бірлескен бұйрығымен бекітілген.

2024 жылы Ұлттық қорға тікелей салық төлеуді 118 ұйым жүзеге асырды.

Сондай-ақ есепті жылы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы эмитентінің (ISIN KZ1C00001122) үлестік бағалы қағазы бойынша 60000371 мың теңге мөлшерінде дивидендтер алынды.


Есепті жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Ұлттық қордың активтерін Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтеріне тікелей сату арқылы біржолғы конверсиялық операция жүргізді. Мәселен, есепті жылы АҚШ мемлекеттік борыштық бағалы қағазын сату есебінен 467 402 379 мың теңге мөлшерінде ақша қаражаты түсті. Одан кейін 467 422 922 мың теңге сомасына «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы эмитентінің (ISIN KZ1C00001619) үлестік бағалы қағазы сатып алынды.

Сонымен қатар «Достық – Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолдарының және «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылысын қаржыландыру мақсатында есепті жылы 238 256 460 мың теңге мөлшерінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

эмитентінің (ISIN KZ2C00011948, KZ2C00012466, KZ2C00012516, KZ2C00012524, KZ2C00012508, KZ2C00011526 және KZ2C00012490) борыштық бағалы қағаздары сатып алынды, оның ішінде цифрлық теңге есебінен 143 652 758 мың теңге сомасына (ISIN KZ2C00011526) бағалы қағаз сатып алынды. Сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың бастапқы тану сәтіндегі әділ (нарықтық) құны мен нақты құны арасындағы айырма 70 172 615 мың теңгені құрады.


**Облигациялық қарыздар түрінде бөлінетін қаражатты есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатының пайдаланылуы (миллиард теңге)**

2024 жылы Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферт түрінде 2 000 000 000 мың теңге және нысаналы трансферт түрінде 3 600 000 000 мың теңге аударылды.




**Инвестициялық кірісті есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түскен түсімдер (миллиард теңге)**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен (бұдан әрі – Қаржы министрлігі) Ұлттық қорға түскен ақша түсімдерінің жалпы сомасы 2024 жылы 3 827 890 920 мың теңгені құрады, оның ішінде 2 808 381 295 мың теңге (6 115 498 мың АҚШ долларына барабар) күнбе-күн дәйекті айырбастау/қайта айырбастау операцияларын жүргізу арқылы Ұлттық қорға есепке жатқызылған шетел валютасындағы түсімдер болып табылады.



### Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері (миллиард АҚШ доллары)

Есепті кезеңде Ұлттық қордың жиынтық активтері 2023 жылмен салыстырғанда 0,74 %-ға немесе 0,48 миллиард АҚШ долларына көбейді.



Ұлттық қордың ағымдағы шотында теңгедегі ақша қалдығы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 191 867 517 мың теңгені немесе 365 385 мың АҚШ долларын құрады (бағам бойынша 1 АҚШ доллары – 525,11 теңге).

### 2-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару жөніндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі туралы 2024 жылғы есеп

«Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Ұлттық қор аудитінің нәтижелері бойынша қаржылық есептілік дұрыс деп танылды және Ұлттық қордың қаржылық жағдайының халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Ұлттық қордың есеп саясатына сәйкес келетінін көрсетеді.

2024 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық қордың кредиторлық берешегінің және есепке жазылған төленбеген шығыстарының жалпы сомасы 83 801 251 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) 21 733 882 мың теңге – инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы кредиторлық берешек;

2) 18 378 850 мың теңге – 2025 жылғы 6 қаңтарда мәмілелерді валюталау күнімен тұрақтандыру портфелінен АҚШ долларын теңгеге қайта айырбастау операциялары бойынша кредиторлық берешек;

3) 43 688 519 мың теңге – көрсетілген қызметтер үшін теңгемен кредиторлық берешек, оның ішінде:

а) 43 047 697 мың теңге – активтерді басқару үшін комиссия, оның ішінде:

10 510 880 мың теңге – Ұлттық Банктің комиссиялық сыйақысы;

32 536 817 мың теңге – Ұлттық қордың сыртқы басқарушыларының көрсетілетін қызметтері үшін;

б) 546 479 мың теңге – Ұлттық қор кастодиандарының көрсетілетін қызметтері үшін;

в) 94 343 мың теңге – ақпараттық және басқа да көрсетілетін қызметтері үшін.

2024 жылы Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі есепке жазылған және төленбеген шығыстар сомасының өзгеруі 16 497 434 мың теңгені құрады. 2024 жылғы 31 желтоқсанда Ұлттық қорға көрсетілген қызметтер үшін теңгедегі кредиторлық берешек сомасы өсу қорытындысымен 43 688 519 мың теңгені құрады. Бұл ретте, 2023 жылғы 31 желтоқсанда бұл сома өсу қорытындысымен тиісінше 27 191 085 мың теңгені құраған.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының  
активтері мен міндеттемелері туралы есеп (мың теңге)**

Баптардың атауы	31.12.2024 жыл	31.12.2023 жыл
1	2	3
Активтер		
Ақша қаражаты және оның баламалары	731 504 586	493 131 589
Пайдалануға қолжетімсіз ақша қаражаты	0	35 450 350
Алтын	1 740 501 029	1 190 162 303
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары:		
Ұлттық қор меншігіндегі	31 372 452 617	27 085 135 189
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1 280 938 133	1 057 336 324
Туынды қаржы құралдары	32 857 363	45 814 266
Дебиторлық берешек	43 583 037	28 048 707
Активтер жиыны	35 201 836 765	29 935 078 728
Міндеттемелер		
Туынды қаржы құралдары	38 793 879	31 844 989
Нысаналы талаптар бойынша міндеттеме	349 134 751	-
Кредиторлық берешек және есепке жазылған шығыстар	83 801 251	49 123 767
Міндеттемелер жиыны	471 729 881	80 968 756
Таза активтер	34 730 106 884	29 854 109 972

2024 жылғы 31 желтоқсанға күтілетін кредиттік залалдар үшін құрылған резервтерді есепке алмағанда, дебиторлық берешектің жалпы сомасы 44 470 308 мың теңгені құрады, оның ішінде:

1) 19 154 938 мың теңге – инвестициялық операциялар бойынша шетел валютасындағы дебиторлық берешек;

2) 18 374 415 мың теңге – 2025 жылғы 6 қаңтарда мәмілелерді валюталау күнімен Ұлттық қордың тұрақтандыру портфелінен АҚШ долларын теңгеге қайта айырбастау операциялары бойынша дебиторлық берешек;

3) 6 940 955 мың теңге – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы эмитентінің (ISIN KZ2C00009314 және KZ2C00011526) бағалы қағаздары бойынша Ұлттық қордың алуға күтілетін сыйақылар бойынша дебиторлық берешегі.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жиынтық  
кірісі туралы есеп (мың теңге)**

Баптардың атауы	2024 жыл	2023 жыл
1	2	3
Кірістер		
Сыйақы түріндегі кірістер	636 297 761	536 891 511
Дивидендтер түріндегі кірістер	212 540 787	136 652 730
Туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарынан түскен таза кіріс/ (залал)	1 445 193 688	2 287 835 855
Алтынды қайта бағалаудан іске асырылмаған кіріс	326 858 066	-
Туынды қаржы құралдарынан таза кіріс/(залал)	13 511 062	(20 040 349)
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан түскен таза кіріс/(залал)	(22 564 0581)	(13 036 698)
Кірістердің жиыны	2 408 760 783	3 073 156 524*
Шығыстар		
Нысаналы талаптар бойынша шығыстар	(326 504 566)	-
Активтерді басқарғаны үшін комиссиялар	(35 824 167)	(66 212 576)
Кастодиандық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар	(1 983 446)	(1765 667)
Аудиторлық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстар	(94 340)	(84 340)
Бағдарламалық өнімдерді және ақпараттық дерекқорларды пайдаланғаны үшін ақы төлеу бойынша шығыстар	(52 070)	(83 780)
Шығыстардың жиыны	(364 458 589)	(68 146 363)
Күтілетін кредиттік залалдар үшін резерв қалыптастыру	(1 859 246)	-
Таза пайда/(залал)	2 042 442 948	3 004 995 762**
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)		
Қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма	4 663 835 659	(466 133 977)
Басқа да жиынтық кіріс/(залал)	4 663 835 659	(466 133 977)
Кезең ішіндегі жалпы жиынтық кіріс/ (залал) жиыны	6 706 278 607	2 538 861 785

Ескертпе:

\* 2023 жылғы кірістер сомасы 144 853 475 мың теңге мөлшерінде алтыннан іске асырылмаған кірісті ескере отырып көрсетілген;

\*\* 2023 жылғы таза пайда/(залал) (-)14 399 мың теңге мөлшеріндегі күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерді ескере отырып көрсетілген.

Ұлттық қордың таза активтері 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 34 730 106 884 мың теңгені құрады. Ұлттық қорды сенімгерлік басқару қорытындысы бойынша негізгі көрсеткіштер 2024 жылы былайша қалыптасты:

- 1) басқару нәтижелері бойынша кіріс – 2 408 760 783 мың теңге;
- 2) басқаруға шығыстар – 37 954 023 мың теңге;
- 3) күтілетін кредиттік залалдар үшін резервтер құруға арналған шығыстар – 1 859 246 мың теңге;
- 4) нысаналы талаптар бойынша шығыстар – 326 504 566 мың теңге;
- 5) теңгеге қайта бағалау бойынша оң айырма – 4 663 835 659 мың теңге.

Осылайша, 2024 жылғы таза пайда 2 042 442 948 мың теңгені, Ұлттық қорды басқаруға арналған шығыстар мен нысаналы талаптар бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі жалпы жиынтық кіріс 7 070 737 196 мың теңгені, 2024 жылғы жалпы жиынтық кіріс 6 706 278 607 мың теңгені құрады.

2024 жылғы Ұлттық қордың жаһандық кастодианының деректері бойынша базалық валюта – АҚШ долларымен есептелген инвестициялық кіріс (іске асырылған және іске асырылмаған) қалыптасты, ол 4 559 676 мың АҚШ долларын құрады.

Ұлттық қордың шотынан 2024 жылдың ішінде Ұлттық қорды басқаруға байланысты жалпы сомасы 21 456 588 мың теңгеге мынадай шығыстар төленді:

1) 17 915 216 мың теңге – Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқару бойынша сыртқы басқарушылардың комиссиялық сыйақысы, оның ішінде 6 699 033 мың теңге 2024 жылғы көрсетілген қызметтер үшін және 11 216 183 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілген қызметтер үшін;

2) 1 534 023 мың теңге – өткен жылғы көрсетілген қызметтер үшін Ұлттық қордың активтерін сенімгерлік басқару бойынша Ұлттық Банктің комиссиялық сыйақысы;

3) 1 803 707 мың теңге – кастодиандар көрсеткен қызметтер үшін, оның ішінде 1 398 445 мың теңге 2024 жылғы көрсетілген қызметтер және 405 262 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілген қызметтер үшін;

4) 52 054 мың теңге – көрсетілген ақпараттық және өзге де қызметтер үшін, оның ішінде 46 801 мың теңге 2024 жылғы көрсетілген қызметтер үшін және 5253 мың теңге өткен жылдардағы көрсетілген қызметтер үшін;

5) 84 340 мың теңге – 2023 жылғы Ұлттық қордың аудитін жүргізу бойынша көрсетілген қызметтер үшін;

6) 67 248 мың теңге – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының көрсетілген қызметтері үшін, оның ішінде тиісінше 2024 жылғы және өткен жылдардағы кастодиандық көрсетілген қызметтер үшін 51 073 мың теңге және 16 163 мың теңге, сондай-ақ 2024 жылғы ақпараттық көрсетілген қызметтер үшін 12 мың теңге.

3-нысан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақша қаражатының  
қозғалысы туралы есеп (мың теңге)**

Баптардың атауы	2024 жыл	2023 жыл
1	2	3
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Таза пайда/(залал)	2 042 442 948	3 004 995 762
Мыналарға түзетулер:		
есепке жазылған, оның ішінде амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша (дисконттың)/сыйлықақы амортизациясына сыйақы	(55 738 182)	(50 304 568)
күтілетін кредиттік залалдар үшін резерв қалыптастыру	1 859 246	-
нысаналы талаптар бойынша шығыстар	326 504 566	-
туынды қаржы құралдарын қоспағанда, әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының іске асырылмаған (кірісі)/залалы	(1 180 586 311)	(2 085 131 279)
Пайдалану үшін қолжетімсіз ақша қаражатын бұғаттау әсері		
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы	1 134 482 267	869 022 153*
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы:		
Туынды қаржы құралдарынан басқа пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары	1 557 104 542	(1 439 651 906)
Алтын	(550 338 726)	(125 684 247)

1	2	3
Туынды қаржы құралдары	12 956 903	19 094 706
Дебиторлық берешек	(16 420 225)	39 343 338
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы):		
Туынды қаржы құралдары	6 948 890	(21 027 931)
Нысаналы талаптар бойынша міндеттеме	22 630 185	-
Кредиторлық берешек және есепке жазылған шығыстар	34 677 484	(48 138 242)
Операциялық қызметтен (қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	2 202 041 320	(707 042 129)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Амортизацияланған құны бойынша бааланатын борыштық бағалы қағаздарды (сатып алу)/өткізу немесе жабу	(168 083 845)	(124 000 578)
Инвестициялық қызметтен (қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	(168 083 845)	(124 000 578)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:		
Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	3 827 890 920	4 567 171 206
Республикалық бюджетке аударымдар	(5 600 000 000)	(4 000 000 000)
Басқа да аударымдар	(70 172 615)	-
Өзге де түсімдер	12 000 000	2 290 0054
Қаржылық қызметтен/(қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы)	(1 830 281 695)	540 362 474**
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)	203 675 780	(290 680 233)
Пайдалану үшін қолжетімді емес ақша қаражатын бұғаттауды алып тастау	35 450 350	-
Кезең басындағы ақша қаражаты және оның баламалары (залалдар үшін бағалау резерві шегерілгенге дейін)	493 134 068	783 814 301***
Кезең соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары (залалдар үшін бағалау резерві шегерілгенге дейін)	732 260 198	493 134 068***

**Ескертпе:**

\* операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы 2023 жылғы 14 399 мың теңге мөлшеріндегі күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерді және 2023 жылғы (-)552 161 мың теңге мөлшеріндегі пайдалану үшін қолжетімсіз ақша қаражатын бұғаттау әсері ескеріле отырып көрсетілген;

\*\* қаржылық қызметтен (қызметте) ақша қаражатының таза түсуі/(пайдаланылуы) 2023 жылғы (-)49 708 786 мың теңге мөлшерінде басқа аударымдар ескеріле отырып көрсетілген;

\*\*\* кезең басындағы және соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары залалға арналған бағалау резервін шегергенге дейін көрсетілген.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп (мың теңге)**

	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда / (залал)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Барлығы
1	2	3	4	5	6
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	43 684 436 009	(41 358 896 688)	3 399 698 405	21 049 647 987	26 774 885 713
Таза пайда/(залал)			3 004 995 762		3 004 995 762
Өзге де жиынтық кіріс					
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта сыныпталмайтын баптар:					
Валютаны қайта бағалаудың таза активтерінің бастапқы сальдосына әсері				(468 191 560)	(468 191 560)
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға/(залалға) және басқа аударымдарға әсері				2 057 583	2 057 583
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта сыныпталмайтын баптардың барлығы				(466 133 977)	(466 133 977)

1	2	3	4	5	6
Кезеңдегі басқа да жиынтық кірістің барлығы			3 004 995 762	(466 133 977)	2 538 861 785
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялар					
Қаржы министрлігінен түскен түсімдер	4 567 171 206				4 567 171 206
Республикалық бюджетке аударымдар		(4 000 000 000)			(4 000 000 000)
Өзге де аударымдар		(49 708 786)			(49 708 786)
Өзге де түсімдер	22 900 054				22 900 054
Таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалатын операциялардың барлығы	4 590 071 260	(4 049 708 786)			540 362 474
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	48 274 507 269	(45 408 605 474)	6 404 694 167	20 583 514 010	29 854 109 972

1	2	3	4	5	6
2024 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	48 274 507 269	(45 408 605 474)	6 404 694 167	20 583 514 010	29 854 109 972
Таза пайда/(залал)			2 042 442 948		2 042 442 948
Өзге жиынтық кіріс					
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта сыныпталмайтын баптар:					
Валютаны қайта бағалаудың таза активтердің бастапқы сальдосына әсері				4 633 508 136	4 633 508 136
Валютаны қайта бағалаудың таза пайдаға/(залалға) және басқа аударымдарға әсері				30 327 523	30 327 523
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта сыныпталмайтын баптардың барлығы				4 663 835 659	4 663 835 659
Кезеңдегі басқа да жиынтық кірістің барлығы			2 042 442 948	4 663 835 659	6 706 278 607

1	2	3	4	5	6
Таза активтердің құрамында көрсетілген иелерімен операциялар					
Таза активтердің құрамында көрсетілген иелерімен операциялар	3 827 890 920				3 827 890 920
Қаржы министрлігінен түскен түсімдер		(5 600 000 000)			(5 600 000 000)
Республикалық бюджетке аударымдар		(70 172 615)			(70 172 615)
Өзге де аударымдар	12 000 000				12 000 000
Өзге де түсімдер	3 839 890 920	(5 670 172 615)			(1 830 281 695)
Таза активтердің құрамында көрсетілген иелерімен операциялардың барлығы					
2024 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	52 114 398 189	(51 078 778 089)	8 447 137 115	25 247 349 669	34 730 106 884

Ұлттық қордың таза активтері 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 34 730 106 884 мың теңгені құрады, 16,3 %-ға ұлғаю байқалады.

### 3-тарау. 2024 жылдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі өзге де деректер

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша нысаналы талаптарды шегеруді ескере отырып, 2024 жылғы 31 желтоқсанға Ұлттық қордың валюталық портфелінің және қазақстандық эмитенттер бағалы қағаздарының теңгелік портфелінің, сондай-ақ теңгелік шоттағы қалдықтың жиынтық нарықтық құны 66 212 389 376 АҚШ долларына, оның ішінде валюталық портфель 58 839 049 756 АҚШ долларына (88,86 %), қазақстандық эмитенттер бағалы қағаздарының теңгелік портфелі 6 972 962 686 АҚШ долларына (10,53 %), теңгелік шоттағы қалдық 400 376 934 АҚШ долларына (0,61 %) тең болды.

Ұлттық қордың валюталық портфелінің құрамындағы тұрақтандыру және жинақ портфельдерінің нарықтық құны тиісінше 3 449 973 438 АҚШ долларын (5,80 %) және 56 053 955 583 АҚШ долларын (94,20 %) құрады, барлық есеп-қисап жаһандық кастодианның деректері негізінде жүргізілді. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша нысаналы талаптар 664 879 265 АҚШ долларын құрайды.

#### Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының валюталық активтерін бөлу құрылымы

Мандаттың түрі	Барлығы	
	нарықтық құны, АҚШ доллары	%
Тұрақтандыру портфелі	3 449 973 438	5,80 %
Жинақ портфелі	56 053 955 583	
Дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары	14 768 508 047	24,82 %
Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары	10 360 173 129	17,41 %
Корпоративтік облигациялар	5 022 566 245	8,44 %
Акциялар портфелі	19 963 452 453	33,55 %
Алтын портфелі	3 314 545 578	5,57 %
Активтерді жаһандық тактикалық бөлу портфелі	1 038 562 325	1,75 %
Балама құралдар	1 586 147 806	2,67 %
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>58 839 049 756*</b>	<b>100,00 %</b>

Ескертпе:

\* валюталық активтердің қорытынды нарықтық құны 664 879 265 АҚШ доллары мөлшерінде нысаналы талаптар шегеріле отырып көрсетілген.

### Тұрақтандыру портфелінің активтерін бөлу серпіні

Активтер сыныптары	2021	2022	2023	2024
Ақша және ақша нарығының құралдары	95,38 %	97,60 %	85,88 %	94,10 %
Кірісі тіркелген бағалы қағаздар	4,62 %	2,40 %	14,12 %	5,90 %
Тұрақтандыру портфелінің барлығы	100,00 %	100,00 %	100,00 %	100,00 %

Тұрақтандыру функциясын іске асыру Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансфертті қамтамасыз етуді көздейтіндіктен, тұрақтандыру портфелінің активтері негізінен жоғары өтімді қаржы құралдарына инвестицияланады және US Treasury Bill Index эталондық портфеліне қарсы басқарылады.

### Жинақтау портфелінің активтерін бөлу серпіні

Активтер сыныптары	2021	2022	2023	2024
Дамыған елдердің облигациялары	45,32 %	34,27 %	29,30 %	26,93 %
Акциялар	31,96 %	30,00 %	33,19 %	36,30 %
Дамушы елдердің облигациялары	12,14 %	20,85 %	19,93 %	18,87 %
Корпоративтік облигациялар	6,00 %	9,89 %	9,65 %	9,16 %
Алтын	4,58 %	4,99 %	5,05 %	5,91 %
Балама инвестициялар	-	-	2,89 %	2,83 %
Жинақ портфелі	100,00 %	100,00 %	100,00 %	100,00 %

Елдік арақатынаста Ұлттық қордың жинақ портфелінің активтерін бөлудің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы үлесі мыналарға тиесілі: АҚШ – 49,25 %, Еуроаймақ елдері – 10,14 %, Жапония – 4,09 %, Ұлыбритания – 4,44 %, Канада – 3,44 %, Аустралия – 1,93 %, Мексика – 1,86 %, Индонезия – 1,85 %, Қытай – 0,92 %, Латын Америкасының, Азияның, Еуропаның және Африканың өзге дамушы елдері – 15,27 %.


Халықаралық қаржы ұйымдарына инвестициялардың үлесі 0,9 %-ды құрайды. Сондай-ақ Ұлттық қордың жинақ портфелі активтерінің құрамына 5,91 % алтын кіреді.

Қаржы нарықтарындағы жағдай нарықты қайта бағалауға және Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің мөлшеріне тікелей әсер етеді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша 7,59 % немесе 4,6 миллиард АҚШ доллары мөлшеріндегі кірістілікке қол жеткізілді. Бұған қолайлы нарықтық конъюнктура

ықпал етті: дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларын қоспағанда, активтердің барлық сыныптары өткен жылы өсті, оның ішінде екі мәнді өсу акциялар мен алтын нарықтарында байқалды. Активтерді консервативті бөлуден теңгерімді бөлуге көшу Ұлттық қор активтерінің неғұрлым тәуекелді бөлігінің есепті кезеңдегі инвестициялық кіріске көбірек үлес қосуына мүмкіндік берді.

Ұлттық қорды басқару стратегиясы ұзақ мерзімді болып табылуына және активтердің бекітілген стратегиялық аллокациясын қатаң сақтауға бағытталуына байланысты Ұлттық қор нәтижелері ұзақ мерзімді перспективада бағаланады. Мәселен, Ұлттық қор құрылғанынан бастап 2024 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде инвестициялық кіріс 25,9 миллиард АҚШ долларын құрады, ал Ұлттық қор кірістілігі 127,75 %-ды құрады, бұл жылдық мәнде 3,55 %-ды құрайды. Ұлттық қордың жылдық кірістілігі соңғы 5 жылда 3,79 %-ды, соңғы 10 жылда 2,92 %-ды, соңғы 18 жылда 2,97 %-ды құрады.

### Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тарихи кірістілігі (АҚШ долларымен)



Ұлттық қордың таза активтері мынадай санаттар (инвестициялық портфель түрлері) бойынша сыныпталған:

1) тұрақтандыру портфелі;

2) жинақ портфелі:

дамыған елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі;

акциялар портфелі;

активтерді тактикалық бөлу портфелі;


дамушы елдердің мемлекеттік облигациялар портфелі;

инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар портфелі;

алтын портфелі.


2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында тұрақтандыру портфелінің кірістілігі 5,28 %-ды құрады, сол кезеңде эталондық портфельдің (ICE BofA US Treasury Bill Index) кірістілігі 5,20 %-ды құрады. Осылайша, 2024 жылы тұрақтандыру портфелінің активтерін басқару нәтижесінде оң үстеме кірістілік алынды, ол 0,08 %-ды құрады. Портфельдің оң үстеме кірістілігі эталондық портфельмен салыстырғанда дюрация бойынша ауытқуының және портфель құрамындағы коммерциялық бағалы қағаздар үлесі ұлғаюының арқасында алынды.

### Тұрақтандыру портфелінің 2024 жылғы кірістілігі



2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында эталондық портфельдің кірістілігі 7,97 % болған кезде, жинақ портфелінің кірістілігі 8,11 %-ды құрады. Осылайша, басқару нәтижесінде 0,14 % мөлшерінде оң үстеме кірістілік қалыптасты. Бұл ретте оң үстеме кірістіліктің негізгі құрауышы алтын портфельі мен акциялар үлестерінің нысаналы аллокацияның композиттік индексінен оң ауытқуы болып табылады.

### Жинақ портфелінің 2024 жылғы кірістілігі



Жинақ портфелінің активтерін басқару 7 мандат: дамыған елдердің мемлекеттік облигациялары, дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары, корпоративтік облигациялар, жаһандық акциялар, жаһандық тактикалық бөлу, балама инвестициялар портфелі және алтын портфелі шеңберінде жүзеге асырылады. Дамушы елдердің мемлекеттік облигациялары мандатының құрамындағы қытай юаніндегі портфельді, сондай-ақ алтын және балама құралдар портфельдерін басқару шеңберінде эталондық портфельдер көзделмеген.

### Мандаттар бөлінісінде жинақ портфелінің кірістілігі



Балама инвестициялардың құрылымы мен есепке алынуының ерекшеліктеріне байланысты 2024 жылдың соңында портфельдің нарықтық құнын түпкілікті толық қайта бағалау 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтың соңында ғана қолжетімді болады.

«Активтерді жаһандық тактикалық бөлу» мандаты бойынша теріс үстеме кірістілік, мандат активтерінің үштен бірінен астамын құрайтын акциялардың қосалқы портфелін басқару нәтижелеріне байланысты болды. Эталондық портфельмен салыстырғанда басқарушының акцияларын іріктеудің кірістілігі аз болды. 2024 жылғы қарашадағы АҚШ президентін сайлауға байланысты белгісіздік, сондай-ақ АҚШ-тың технологиялық компанияларында капиталдың жоғары шоғырлануы жағдайында жаһандық акциялар нарығында жоғары құбылмалылық байқалды.

## **Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару бойынша 2024 жылы өткізілген іс-шаралар туралы қосымша ақпарат**

Ұлттық қорды басқару стратегиясын жетілдіру шеңберінде Ұлттық Банк 2024 жылғы ақпанда облигациялардың үш мандаты бойынша жаңа эталондық портфельдерге көшуді жүзеге асырды.

Дамыған елдердің орталық банктерінің мөлшерлемелерді көтеру циклінің аяқталуына, сондай-ақ әлемнің негізгі экономикаларындағы инфляция көрсеткіштерінің оң серпініне байланысты мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі – МБҚ) кірістілігі деңгейлерінің қалыпқа келуі және олардың орта мерзімді перспективада төмендеуі күтілген еді. Осылайша, дамыған елдердің МБҚ портфелі үшін инвестициялау кезеңі 1-10 жылдық эталондық портфельдерден кезеңі 1 жылдан басталатын және одан асатын эталонға (барлық МБҚ қисық сызығы) көшу жүзеге асырылды.

Орта мерзімді перспективада кірістілікті арттыру мақсатында орталық банктердің жоғары мөлшерлемелері кезеңінде корпоративтік облигациялар бойынша инвестициялау спектрін кеңейту жолымен инвестицияларды әртараптандыру саясаты жалғасты. Мәселен, корпоративтік облигациялар портфелінің бағалы қағаздарының ең төменгі кредиттік рейтингі ВВВ- деңгейінен ВВ деңгейіне дейін төмендетілді.

Дамушы елдердің облигациялар портфеліндегі активтерді одан әрі әртараптандыру мақсатында жаңа эталондық портфельге көшу жүргізілді, ол дамушы нарықтардың МБҚ – 80 % және дамушы нарықтардың корпоративтік облигацияларын – 20 % қамтиды.

Бұл өзгерістер инвестициялық кезеңнің ұзаруы және Ұлттық қордың эталондық портфельдеріне неғұрлым кірісті және неғұрлым тәуекелді бағалы қағаздарды енгізу жолымен инвестициялық іріктеудің едәуір кеңеюі арқасында Ұлттық қордың ұзақ мерзімді кірістілігінің ұлғаюына және тәуекелдерді әртараптандыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде оның жинақ функциясын күшейтеді.

Ұлттық қордың мақсаттары мен міндеттерін халық арасында түсіндіру жөнінде жүйелі түрде жұмыс жүргізу шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

Қаржы министрлігінің сайтында ай сайын Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен оның пайдаланылуы туралы есеп орналастырылады;

Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің сайтында Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақшаның қозғалысы туралы есеп ай сайын орналастырылады.

### «Ұлттық қор – балаларға» жобасы

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауына сәйкес әрбір отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты табыс алуға тиіс. 2024 жылдан бері Ұлттық қордың орташаланған инвестициялық кірісінің 50 %-ы жыл сайын балалардың 18 жасқа толғанға дейінгі арнаулы жинақтау шоттарына мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есепке жазылуда.

2024 жылдың соңында төлемдерді шегергенде алдыңғы кезеңдер үшін нысаналы талаптардың сомасы 664 879 265 АҚШ долларын құрады.

2025 жылғы қаңтарда 888 794 506 АҚШ доллары мөлшерінде нысаналы талаптар, сондай-ақ 20 145 842 АҚШ доллары мөлшерінде төлемдерді шегергенде алдыңғы кезеңдердің нысаналы талаптарының сомасына инвестициялық кіріс есепке жазылды. 2025 жылғы қаңтарда «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының операторына «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы 2025 жылы 18 жасқа толатын балаларға төлем жасау үшін 75 896 928 АҚШ долларын аударды.

Сонымен қатар 2024 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қордың соңғы 18 жылдағы (2007 жылдан бастап 2024 жылды қоса алғанда) орташа жылдық кірістілігі жылдық мәнде 2,97 %-ды, ал 18 жылдағы инвестициялық кірісі 2024 жылдың қорытындысы бойынша жылдық мәнде 1 803 444 174 АҚШ долларын құрады.

Осылайша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы шеңберінде 2026 жылы жоғарыда көрсетілген соманың жартысы – 901 722 087 АҚШ доллары мөлшерінде нысаналы талаптар қалыптастырылатын болады.

---